

Б. Е. Жақсыбаев,
азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының
оқытушысы, полиция капитаны
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ НОРМАЛАРЫН ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ ҚОЛДАНУ

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабында «әркімнің еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы бар. Еріксіз еңбекке соттың үкімі бойынша не төтенше жағдайда немесе соғыс жағдайында ғана жол беріледі. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар. Ереуіл жасау құқығын қоса алғанда, заңмен белгіленген тәсілдерді қолдана отырып, жеке және ұжымдық еңбек дауларын шешу құқығы мойындалады. Әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі — деп көрсетілген.

Біріншіден, ПО қызметкерлері — Қазақстан Республикасының азаматы. Бірақ ПО қызметкерлерінің еңбек қатынастарын реттеу үшін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінен басқа да арнайы нормативтік-құқықтық актілер белгіленген. Сол себептен 2014 жылғы 23 сәуірде қабылданған Қазақстан Республикасының «ПО туралы» №199-V заңына тоқталып кетейік. Бұл заңның 16-бабында Ішкі істер органдары қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі делінгенⁱ. Осы қарастырып отырған Заңның 17-бабында ішкі істер органдарында қызмет өткеру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» заңымен айқындалады делінген. Осы баптың 2-тармағында «соғыс жағдайы немесе төтенше жағдай қолданылған, терроризмге қарсы операция жүргізілген кезеңде, қарулы қақтығыс жағдайында, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою кезінде ішкі істер органдарының қызметкерін тұрақты орналасқан пунктіден тыс жерде оған жүктелген міндеттерді орындауға тартуға: қызметтік уақыт режимін өзгертуге, оған қосымша міндеттер жүктеуге, басқа жерге іссапармен жіберуге, қызмет сипатын өзгертпей басқа бөлімшеге уақытша ауыстыруға, сондай-ақ қызметкердің келісімінсіз өзге де ерекше жағдайлар мен қосымша шектеулер белгілеуге жол беріледі. Мұндай жағдайларда ішкі істер органдары қызметкерінің қызмет мерзімінің бір күні үш күн болып есептеледі және үш есе мөлшерде ақшалай қамтылым төленеді.

Енді құқық қорғау органдарындағы қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес белгіленеді. Әрбір құқық қорғау органында қызметтік әрекеттің ерекшеліктерімен және жедел жағдаймен, жыл мезгілімен, жергілікті жағдайлармен және басқа да нақты мән-жайлармен анықталатын, қатаң регламенттелген күн тәртібі белгіленеді. Күн тәртібі қағидалары құқық қорғау органы басшысының немесе уәкілетті басшының актісімен бекітілетін жұмыс уақыты мен тынығу уақытын, азаматтарды қабылдау сағаттарын (халық үшін барынша қолайлы), қызметкерлердің жекелеген санаттарының қызмет атқару кезегін белгілейді. Қажет болған жағдайда қызметкерлер белгіленген уақыттан тыс, сондай-ақ түнгі уақытта, демалыс және мереке күндері қызметтік міндеттерін орындауға шақырылуы мүмкін. Өтемақы төлеу тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындаладыⁱⁱ — деп көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы №267-II Заңының 5-бабында Қазақстан Республикасындағы мереке күндері жұмыс істемейтін күндер болып табылады делінгенⁱⁱⁱ.

Мақаланың зерттеу пәні — қазіргі уақыттағы ПО қызметкерлерінің, дәлірек айтсақ жедел уәкілдердің, тергеушілердің және анықтаушылардың қызметінің реттелуі, ерекшеліктері, жалақысының мөлшері, жұмыс уақыты, тынығу уақыты, штаттың саны.

Жоғарыда қарастырылған заңдардың нормаларына сәйкес ПО қызметкерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен реттеледі деп көрсетілген. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 77-бабында жұмыс уақытының қалыпты ұзақтығы аптасына 40 сағаттан аспауы тиіс — деп көрсетілген. Ал, 81-бабында жұмыс аптасының түрлері қызметкерлер үшін екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді. Өндіріс сипаты мен жұмыс жағдайлары бойынша бес күндік жұмыс аптасын енгізу қиынсыз болатын ұйымдарда бір демалыс күні бар алты күндік жұмыс аптасы белгіленеді — деп көзделген. Сол себептен ПО қызметкерлеріне бір күндік демалыс күні бар алты күндік жұмыс аптасы белгіленгенін біз білеміз. Еңбек кодексінің 82-бабында күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) ұзақтығы алты күндік жұмыс аптасы кезінде күнделікті жұмыстың (жұмыс ауысымының) ұзақтығы апталық норма 40 сағат болғанда — 7 сағаттан аспауға тиіс^{IV} — деп көрсетілген.

Қазіргі кезде ПО жедел уәкілдері, тергеушілері мен анықтаушыларына келетін болсам, бұл қызметкерлердің жұмыс уақытының ұзақтығы сақталмаған. Өйткені, мысалға кез келген Қазақстан Республикасының бір қалалық ішкі істер басқармасындағы криминалды полиция, тергеу және анықтау бөлімдерінің қызметкерлерінің жұмыс уақытына тоқталып кеткім келеді. Бұл қызметкерлердің жұмыс күні сағат 08 сағат 30 минутта басталады. Түскі асқа берілетін уақыт 13 сағат 00 минуттан 14 сағат 30 минутқа дейін. Жұмыс күнінің аяқталу уақыты еңбек заңнамасына сәйкес 17 сағат 00 минут болуы керек. Алайда, криминалды полиция, тергеу және анықтау бөлімінің жұмыс күнінің аяқталу уақыты әртүрлі болу мүмкін. Мысалы, жұмыс күнінің аяқталу уақыты 20.00, 21.00, 22.00, 23.00, 24.00-де, ал кейбір жағдайларда түннің ортасына дейін де жұмыс жалғасып жатады. Жұмыс уақытының сақталмауы басшы құрамның кінәсінен емес, қоғамдағы құқық бұзушылықтармен қылмыстардың кең таралғандығы. Ал, 2014 жылы 23 сәуірде қабылданған «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4-ші бабында Қазақстан халқына қызмет етуге тиісті ішкі істер органдары қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді жүзеге асырады: 1) құқық бұзушылықтар профилактикасы; 2) қоғамдық тәртіпті сақтау; 3) қылмыстылықпен күрес; 4) қылмыстық жазаларды және әкімшілік жазалауды орындау; 5) төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтық қорғанысты ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен ішкі істер органдарына өзге де міндеттер жүктеледі. ПО қызметкерлерінің ең бірінші міндеттерінің бірі — ол қоғамдық қауіпсіздікті сақтау, халықты қорғау.

Осыған байланысты ПО қызметкерлерінің жұмыс уақытының ұзақтығын сақтау қиын.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 87-ші бабында 22 сағат 00 минуттан бастап таңертеңгі сағат 06 сағат 00 минутқа дейінгі уақыт түнгі уақыт болып есептеледі деп көрсетілген. Ал, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 89-ші бабында үстеме жұмыстар әрбір қызметкер үшін тәулік ішінде — екі сағаттан, ал ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда бір сағаттан аспауға тиіс. Үстеме жұмыстардың жалпы ұзақтығы айына он екі сағаттан және жылына жүз жиырма сағаттан аспауға тиіс — деп көрсетілген және Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 88-бабында үстеме жұмыстарға тартуға қызметкердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі делінген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 90-бабына сәйкес қызметкерлердің келісімінсіз үстеме жұмыстарға қандай жағдайларда жол берілетіні көрсетілген.

Жұмыс уақытын есепке алуды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 91-бабында көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 127-бабында үстеме жұмысқа, 128-бабында мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа, 129-бабында түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төлеу көрсетілген.

Алайда, ПО-ғы жоғарыда айтылып кеткен қызметтерінде үстеме жұмысқа, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа, түнгі уақыттағы жұмысқа Еңбек кодексінде белгіленген

мөлшерде ақы төленбейтіні біздің бәрімізге мәлім. Осы жағдайларды қарастырып отырып біз Конституцияның және Еңбек кодексінің нормаларының және де жоғарыда көрсетілген заңдар сақталмайтынын байқаймыз.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 97-бабында демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа жұмыс берушінің бастамасы бойынша қызметкердің жазбаша келісімімен жол беріледі деп айтылған. Осы бапта демалыс және мереке күндеріндегі жұмыс кезінде қызметкердің қалауы бойынша оған басқа демалыс күні беріледі немесе Қазақстан Республикасының Еңбек кодекстің 128-бабында көрсетілген мөлшерде ақы төленеді делінген.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 98-бабында қызметкердің келісімінсіз демалыс және мереке күндері жұмысқа тартудың ерекше жағдайлары көзделген.

Осы мәселені 2010 жылдың ақпан айынан 2014 жылдың сәуір айы аралығында Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласының ІІБ тергеу бөлімінде тергеуші лауазымында қызмет атқару барысында байқадым.

Жоғарыда айтылып кеткен заңдарға қарама-қайшылық осы күндері үлкен проблема болып келеді. Өйткені, осы жұмыс уақытының сақталмауы, демалыс уақытында берілмеуі, үстеме жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа, түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төленбеуі қызметкерлердің жұмысты сапалы орындауына әсер етеді. Сол себептен бұл проблеманы шешу үшін менің тарапымнан төмендегідей ұсыныс бергім келеді:

Жұмыс уақытының сақталуын және орындалып жатқан жұмыстың сапасы жақсы болуы үшін жоғарыда тоқталып кеткен әр қызметте қызметкерлер штатын көбейту керек деген ұсынысым бар.

Штаттың аздығына тоқталатын болсам, мысалы: бір тергеуші немесе бір анықтаушыға қалалық ІІБ тергеу немесе анықтау бөлімдерінде 30, 40, 50 қылмыстық істен келеді, кем дегенде 20 қылмыстық іс. Осы қылмыстық істердің әрқайсысының өз мерзімдері бар. Кейбіреулері ашылған, ал кейбіреулері ашылмаған. Сондықтан тергеушілер мен анықтаушылар физикалық тұрғыда осынша көлемдегі қылмыстық істерді тергеуге уақыттары жетпей үлгермей жатады. Сол себептен осы қылмыстық істерді мерзімдерінде сотқа жіберу үшін, қысқарту үшін, тоқтату үшін қызметкерлер полиция бөлімдеріне түнгі уақытқа да қалып отырады. Осы жағдайларды қарастыра отырып қызметкерлер штатын көбейтсе, әр тергеушілер мен анықтаушыларға 10 қылмыстық істен болса, әрі кетсе 15 қылмыстық іс болса, менің ойымша қылмыстарды тергеу сапасы да артады. Дәл сол сияқты жедел уәкілдердің де осындай проблемалары бар. Жәбірленушілер де ІІО қызметкерлерінің жұмысты адал, сапалы, уақтылы орындағаны үшін алғыстарын білдіріп отырушы еді. Қазіргі уақытта керісінше қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер қылмыстық істерді сапалы тергемейді деп шағымданып жатады. Осы проблеманың барлығы штаттың аздығының салдарынан деп айтқым келеді. Не болмаса үстеме жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа, түнгі уақыттағы жұмысқа ақы төленуі қажет. Сонда ғана қызметкерлер жұмыс уақытынан тыс жұмыс істеп жатырмыз деген ойда болмайды. Бұл проблеманы тәжірибеде ешқандай қызметкер көтермейді. Осы проблеманы шешу үшін жоғарыда айтылған ұсыныстар арқау болатын еді.

ⁱ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының ІІО туралы» № 199-V Заңы. 2014 ж. 23 сәуір // <http://online.zakon.kz>

ⁱⁱ Қазақстан Республикасының «Құқық қорғау қызметі туралы» № 380-IV Заңы. 2011 ж. 6 қаңтар // <http://online.zakon.kz>

ⁱⁱⁱ Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» № 267-II Заңы. 2001 ж. 13 желтоқсан // <http://online.zakon.kz>

^{iv} Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. 2007 ж. 15 мамыр // <http://online.zakon.kz>